

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Список использованных источников:

1. Муминов А.К. Шами-дамулла и его роль в формировании «советского ислама» // Ислам, идентичность и политика в постсоветском пространстве. Материалы международной конференции «Ислам, идентичность и политика в постсоветском пространстве: сравнительный анализ Центральной Азии и европейской части России». Казань: Казанский федералист, № 1, 2005. С. 231-247.
2. Бабаджанов Б.М. О фетвах САДУМ против «неисламских» обычаев. Ислам на постсоветском пространстве: взгляд изнутри. Москва, 2001. С. 170-184.
3. Йулдошхужаев Х., Каюмова И. Узбекистон уламолари. Тошкент: «Movarounnahr», 2015.-496.
4. Дербисали А.Б., Каирский профессор из Тараза // Минарет ислама. Москва: «Медина», №35, 2014. http://www.idmedina.ru/books/history_culture/?6154
6. Койгельдиев М. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годов. Алматы, 2009, 448 с.

УДК 28:2

«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ РУХАНИ ӨМІРДЕГІ НАУАН ХАЗРЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ».

Жанақов Берікбол Мергенбайұлы

scorpion2111@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Дінтану мамандығы бойынша 2 курс магистранты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Др. Проф. Ә.Қ.Муминов

Науан Хазрет (*шын аты Наурызбай Таласов, 1843-1916 / 1844-1917*) туралы деректер айтарлықтай көп емес. Дегенмен пайдалануға болатын құнды еңбектер бар. Науан Хазрет туралы мәліметтер Көкшенің ұлы тұлғаларының бірі Ақан серінің өлең шумақтарында, Ә.Бөкейхановтың «Киргизы» кітабында, М.Жұмабаевтің очерктерінде, С.Мұқановтың «Аққан Жұлдыз» романында т.б мақала-газеттерде айтылған. Қазіргі уақытта Науан Хазреттің өмірбаяны мен атқарған қызметтері жөнінде соңғы тарихи зерттеулерді жүргізгендердің қатарында Қ.Әбуевтің еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Науан Хазреттің қызметі туралы айтудан бұрын, оның білім-ғылым алған жолынан хабардар болу дұрыс деп санаймыз. Науан Хазреттің Бұхарадағы алған сабақтары туралы мәліметтерді іздеп қарастырғанымызда, келесідей деректердің бар екенін анықтадық. Науан Хазрет Бұхарада көп ғылым үйреніп, парсы тілін біліп шығады. К.Абуевтің айтуынша Науан Хазрет елге қайтар алдын өте сауатты, жан-жақты білімді болып, көне түркі, өзбек, парсы, араб, орыс тілдерін жетік меңгерген, шығыс классикалық әдебиеттерді оқыған, жазу-сызуды білетін болатын. «Мәшһүр» атын көтерген Нұр-қожа деген ақын Науан туралы былай деп жырлайды:

Шариф жай Бұхарада қылдың тұрақ,
Арғынға жеке дара сіз шамшырақ.
Сібірдің ғұламалары бас қосқанда,
Бәрінен 12 пән басымырақ.
Лебіздің ғауһар танып дұға қонған,
Ақайыд хикмет нұры тегіс толған.
Орымбор, Тройыскі, Қызылжардан,
Бахислар іздеп келіп мулзам болған [1, 187 б.].

Жыр шумақтарына қарасақ, Науан Хазреттің ислам сенімінің негізі «ақида» пәнін толық оқып шыққандығын аңғартады. Қалған 12 пән туралы айтылуы, ақида пәнінен бөлек басқа да ислам діні ілімдері оқытылғаны белгілі.

Науан Хазрет Бұхарадағы Көкелташ медресесінде үздік оқиды. Өзінің зеректігімен көзге түседі. Білімін одан әрі жетілдіру үшін Бағдатта 3-4 жыл оқиды деп келтіреді А.Әбутәліпұлы. Бағдат шаһарына қай жылы барғаны, өзі барған ба әлде медреседен жіберілді ме, қанша жылға барғандығы жайында мәліметтері бізге түрліше жеткізіледі. Ал Қ.Абуов болса, өз еңбегінде қанша жылға барғанына тоқталмай, тек «Бұхарадағы діни білім ордасын озат бітірген Н. Таласов, сол кездегі әлемдегі ислам орталықтарының бірі саналған Бағдат қаласына арнайы діни тәжірибе жинауға, білімін әрі қарай тереңдетуге жіберіледі» деген хабармен шектеледі. Төрт-бес жыл ма, не одан аз болды ма, не болса да, Н.Таласовтың Бағдат қаласына білімін жетілдіру үшін барып қайтқандығы деректерде анық келтіріледі. Дегенмен, біздің пайымдауымызша Науан Хазрет Бағдатқа 1-2 жылға ғана барған болса керек. А.Әбутәліпұлының «Таңдамалы шығармалар» атты кітабында Науан Хазрет Бағдаттан келген соң, Бұхарада ұстаздық қызметін атқарады.

Келтірілген мәліметтерге сүйенетін болсақ, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында Бұхарада 40 мыңға жуық дін қызметкерлері болған. Орта есеппен, әрбір 7-8 жанұяда 1 молла болатын. Дін қызметкерлерінің қатарында 15 пайызы өзбек емес ұлттарын құрады. Оның ішінде қазақ дін қызметкерлері де болды. Бұхарадағы дін орталығы туралы, білім беру жүйесі жайлы Салық Зимановтың еңбегінде былай деп келтіріледі: «Мусульманское духовенство имело слаженную, разветвленную организацию и строгое внутреннее координированное управление. ... По некоторым данным, в одной только Бухаре в конце XIX века было 365 мечетей и 103 медресе, а в пределах эмирата насчитывалось около 700 мечетей и медресе. ... С помощью этих организаций и учреждений духовенство охватило сферой своего активного влияния почти все стороны жизни общества» [2, 33 б.]. Діни оқу орындарындағы оқытылатын бағдарлама жайында С.Зимановтың кітабында: «Методы и программы обучения в этих учебных заведениях были заимствованы у старомодных духовных школ раннего средневекового Востока, отражавших победоносное шествие ислама», – деп айтылады [2, 35 б.].

Шамамен 1884-1885 жылдары Науан Көкшетауға қайтатын кезде, «Әбжат» деген пәннен емтихан тапсырып, бәрінен үздік нәтиже көрсетеді делінеді. Басқа деректе Н.Таласов Көкелташ медресесін бітіре салысымен, сонда жоғары білім ордасында ұстаздық етті деп айтылған. [3]. Азнабалы Жантайұлы қажы мен Қожахмет Садидұлы екеуі 1884 жылы Бұқарадан шақыртып алып, жөнделген қазақ мешітіне имамдық қызметіне тағайындайды. Ол мешіттің бұрынғы имамы Сейіт Маймақ, Ас-Сайид Али аз-Захир ал-Уитридің Бұхараға баруынан 11 жыл бұрын оқып тоылық бітірмей шығып кеткен делінеді. Сейіт Маймақ тәпсір, хадиске мән бермеген. Иджтихад жасамаған, яғни фәтуа, үкім шығаруға еш жоламаған. Сейіт Маймақтың олай істеуінің себебі, тәпсір, хадисті оқып, қате түсінсек күнә болады деген. Соған қарамастан оның мінезі – өзі тұрғанда, өзгеге сөйлеуге рұқсат бермейді. Тек өзі ғана сөйлеу керек. Фикһты жақсы меңгерген, оқығанын амал жүзінде асырады. [1, 187, 188 б.].

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында қазақ интеллигенциясы сан жағынан көп болмады. Өйткені сол кезде орта білімді мұғалімдерді дайындайтын курстар, жоғары оқу орындары болмады. Олардың орынын медреселер толтырды. Түрлі жауапты мекемелерде, әкімшілік органдарында қызмет жасағандар, көбіне Ресейден патшалық тарапынан арнайы жіберілген өздерінің адамдары, немесе Ресейдегі оқу орындарын бітіріп шыққан бай қазақтардың балалары болғаны мәлім. Соның өзінде де оқып келген қазақтарды патша үкіметі жоғары қызметтерге жолатпады. Ал XIX ғасырдың соңына қарай ашыла бастаған қазақ-орыс мектептері болса, жергілікті жұртты «Мұхаммед дінін уағыздаушы моллалардың зиянды ықпалынан» сақтау үшін, сонымен қатар қазақ даласында орыс ықпалын жүргізу үшін қызмет етті.

Өңірдегі діни ахуал келесі бір күйді кешті. XIX ғасырдың 70 жылдарында Көкшетауда бір қыздар медресесі мен 2 медреселер бар болса, 1897 жылы 2 мешіт жұмыс істеп тұрды. Ал

1904 жылы Шаяхмет пен Баязит екі байдың қаражатына тағы бір жаңа мешіт тұрғызылды [4, 67-70 б.].

Дәл осы кездері Солтүстік Қазақстан өңірінде ислам ілімдерін жақсы білітетін, дінді уағыздайтын, білімді имам-молалардың саны аз болды. Науан Хазрет өз еліне білімді, ғалым, көп тілді меңгерген, тәжірибелі ұстаз маманы, дара тұлға болып қалыптасып қайтады. Бұл жайында Қ.Абуов өзінің «Науан Хазрет» атты кітабында жазып келтіреді. Науан Хазреттің аса дарынды тұлға болғаны жайында Ә.Бөкейханов та айтады. Қ. Абуов Науан Хазретті жәдитшілдік бағытын ұстанған қоғамдық қайраткер болған деп сипаттайды. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында патшалық үкіметі кезеңіндегі қазақ халқы арасында жүргізілген жәдитшілдік ұстанымына назар аударатын болсақ, келесі жағдаяттарды байқауға болады. Мәселен, К. Бейсембиевтің «Идейно-политические течения в Казахстане конца 19 – начала 20 века» кітабына және С.В. Могуновтың «Некоторые методологические вопросы исследования джадидизма в Казахстане» мақаласында жәдитшілдік мәселесі халық арасында талқылануына қазақ даласын мекен еткен мұсылмандарға қарағанда көбіне қырым татарларының қатысы бар екені аңғарылады. Сондай-ақ, жәдитшілдіктің ең алғаш көтерген проблемаларының бірі ол – мектеп пен медресенің бөліну керектігі, медреселерде діни пәндермен қатар зайырлы пәндерді де өткізу, жаңа бағдарламаларды енгізу, орыс тілін оқытуды қарастыру. Ал енді, Қ. Абуовтың Науан Хазретке қатысты айтқан, жәдитшілдік көзқараста болды деген ұстаныммен толығымен келісуге келмейді. Негізінде, Қ. Абуов айтқандай XIX ғасыр соғы мен XX басында Бұхара, Орта Азиялық аймақ, қырым татарлары, Орынбор мұсылмандары арасында расымен жәдитшілдік идеясы қарқын ала бастағанына дау жоқ. Дегенмен, Науан Хазреттің Көкшетауға Бұхарадан оқып келгенінде, дінді оқытқан бағдарламасына назар аударсақ, жәдитшілдік белгілерінің кейбірін ғана байқауға болады. Бірақ толығымен жәдитшілдік көзқараста болды деп айту қиындау.

Науан Хазрет шәкірттері арасында ең әуелі дінді үйретті. Діни сабақтар жүргізді, діни мәтіндер жаттатты. Кейінірек, алғашқы түлектері медреседе қалып, ұстазына (Науан Хазретке) көмектесіп, сабақ беру барысында жаңа шәкірттерге орыс тілін үйретуді қалаған кезде, Науан Хазрет «христиан болып кетесіндер» деп рұқсат бермей тыйым салып отырды. Сондай-ақ Науан Хазрет діни пәндерден мухтасар уикайа, сарф, наху, исағужа, суллам, ақайыд, фарайыз, мухтасардан бастап хидая, шарх алуикайа, талхис, таузих, зубдат ал-асрар, истиғара, хикмат ал-ғайн, тәпсір, хадис т.б. классикалық кітаптарға көбірек басымдық берген. Бұл оның жәдиттік емес, қадимдік яғни ескі ұстанымда болғанын аңғартады. Сондай-ақ Науан Хазрет өз шәкірттеріне діни пәндермен қоса, қосымша сол уақыттағы шығыс классиктерінің еңбектерімен таныстырады, имлә (жазу), хисап (есептеу), хандаса, жағрафия сабақтарын да қоса үйреткен. Науанның бұл әрекеті болса, оның бір жағынан жәдиттікке де бір табан жақын болғанын білдіртеді. Осы діни әрі дүниелік пәндерді қатар мешіт қабырғасында ұйымдастырылған діни медресе оқытылған. Яғни, «менің медресем бөлек, тек діни пәндер ғана оқытылады, дүниәуи пәндерді мектептерден барып оқындар» деп ешкімді қуған емес. Бұл фактісі деректерде көптеп келтіріледі. Осыған қарап жасайтын нәтижеміз, Науан Хазрет қадимдіктен ажырамады, жәдитшілдікке де біржолата өтпеген. Екеуінің ортасын ұстанған тұлға болғанын аңғартады.

Кейбір ғылыми еңбектерге шолу жүргізгенімізде жәдитшілдік бағыттың Орталық Азия аумағындағы орталықтарының бірі Бұхара қаласы болғаны туралы айтылады. Алайда, Ч. Хостлердің «Тюркизм и советы. Тюрки мира и их политические цели» кітабында 1913 жылға дейін Бұхарадағы эмирлер өз территориясында жәдитшіл оқу орындарының қызметіне тыйым салып, жауып тастап отырғаны туралы келтірілген: «Даже в 1913-ом году позиции кадимизма еще были сильны, подтверждением этому служит тот факт, что эмир Бухары закрыл все современные исламские школы на территории своего ханства» [5, 165 б.]. Ал, Қ. Абуов «Науан Хазрет» атты кітабында XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында Бұхара жәдиттік қозғалыстың негізгі ошақтарының бірі болған деп келтіреді. Біздің пайымдауымызша, XX ғасыр басында Орталық Азияда, Қазақстанда қадимдік білім бағыты өз күшін әлі де жойып үлгірмеген жағдайда болды. А.Л.Захаренко өзінің «Общественно-

политические, культурные связи Северного Казахстана и Поволжья, Южного Урала, Западной Сибири / XIX – начало XX в.» атты кітабында жәдитшілдік бағытының өкілдері қазақ даласында көп болғанымен, қазақтардың түсінігінде, дүниетанымында тұрақтай алмады делінеді.

Кейбір зерттеушілер «Ресей патшалық үкіметі қадимдік исламды қолдаған, жәдитшілдікке қарсы болған» деген пікірді айтып жатады. Қадимдіктер үкіметке аса қауіп төндіре алмайды. Ал жәдитшілдер болса, жан-жақты білім жинағандар үкіметке қарсы әрекетке баруы мүмкін болған деп айтылды. Қалай болғанда да, патшалық үкіметі қадимдікті не жәдитшілдікті қолдады деп біржақты айта алмаймыз. Екі бағыт та патшалық үкімет саясатынан біраз қиындық, зардап көрді.

Баратай-Барақ ауылы – ежелден діндар ауыл. Көкше өлкесіндегі ең ірі мешіт те осында. Көкшетауда салынған мешіт сегіз болыстың күшімен салынған. Көкшетау өлкесінің тұрғындарының көпшілігінің сұрауымен Науан 1886 жылы халық қаражатына салынған Көкшетаудағы мешіттің біріне имам болып сайланады. Бұл деректі де Қ.Абуов орталық мұрағаттан алынған деректерге сүйеніп арнайы келтіреді. Ал С.Ақтаевтың «Ханзаданың қасіреті» атты кітабында жазғаны: «Көкшетау қаласы тұрғындарының өз күшімен жұртшылық қаражатына салынған мешіт бар. Облыстық басқарма оған №14028 кұәлікпен молда етіп Мезгіл болысының қазағы Наурызбай Таласовты тағайындаған. Жұрт сайлаған Наурызбай имам содан бері өз қызметін ыждаһатпен атқарып келе жатқан. Неке қиятын немесе ажырататын, нәрестелерді тіркейтін, өлгендердің жаназасын шығаратын, күніне бес уақыт жай намаз, жұма намаз, айт намазын да үзбей өткізетін еді. Науан Хазрет мешітте ел арасында туындаған дау-дамайларды, ұсақ-түйік мәселелерді шешім пәтуә-үкім шығаратын. Білімі бар, оқығаны бар деп халық та, Науан Хазретке ағылып баратын болған». біздің көзіміздің жеткені, бірнеше деректермен расталып келген мәлімет ол – Науан Хазреттің өте білімді, молдалыққа лайықты тұлға болғандығы.

Осы тұста оқу-ағартуға байланысты қоғамда орын алған жағдайды С. Жүнісов салыстырмалы түрде былай деп суреттеп өтеді: «Бұхарадан оқып келгелі Науанның мазасын алған үлкен мақсаты бар. Ол – қараңғы елдің көзін ашу: Хадымша (қадим) ғана шала оқыған дүмше моллалардың бар уағызы Құранның жаттанды сүрелері, өздері шала білетін Алланың расулы Мұхамбет пайғабардың хадистері...» [6, 259 б.].

Науан Хазрет медресе ашып, қазақтың ұлы-қызын бірдей алып оқытты. Құран сүрелеріне ғана жаттатпай, наху, жамалия, джұграфия, жамиғат тауарихтан да сабақ берді. Пайғамбар, сахабалар, сол замандағы шииттер, суннилер тарихын, ескілерден Ифлатон, Сокараттардың, Эристалистердің, жаңалардан Әбунасыр әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Баласағуни Юсуп, Әбурайхан Бируни, Әзірет Ахмет Яссауи, Жалайри сияқты хақимдердің ғылымдарымен таныстырды. Қазаннан келген татар ақыны Фахретдин бин Мифтахетдин, бажасы Ақан серіні мұғалімдікке тартты деген деректер келтіреді Сәкен Жүнісов. Науан Хазреттің Шаймерден Қосшығұлұлы, Әлиасқар Айтқожаұлы, Момақан Абдулжаббарұлы сияқты біршама шәкірттерінің өмірбаяны мен қызметтерімен танысқанымызда, олардың да жоғарыда аты аталған ғылым-білімдерді оқып үйренгендері, С.Жүнісов келтірген дерекке дәлел болмақ.

Науан Хазрет медреседегі шәкірттерді тек оқытумен ғана шектемей, жұмысқа да салады. Шәкірттер медреседе тек діни сабақтармен қатар математика, жаратылыс тану, әдебиет, орыс тілі, тіпті ән-күй дәрістеріне дейін сабақтар оқыған делінеді. Іңгәм өзбек қарии араб тілін оқытса, қазақша жақсы білетін Петр Гарлышев орыс тілін үйретті. Науан Хазрет болса, араб, парсы, тілдерін жетік меңгергендіктен шәкірттеріне шығыс пен батыс ғалымдарының әдебиет, мәдениет салаларындағы еңбектерін оқытты. Ауыл моллаларына арнап, неке қию, балаға ат қою, сүндетке отырғызу сияқыт имамдық қызметтерді үйретіп, қысқаша курс ұйымдастырып, емтихан алып отырған. Үлкен кісілердің айтуынша, Науан тұрған елді мекенде оны танитындар қазағы не орысы болмасы, оны құрметтеп, кездескен кезде иіліп сәлем беретін болған [7].

Наурызбай Таласов қызметіне кірісуден алдын ел аралап, дүниеден өткендерге дұға оқып, ақсақалдардың баталарын алады. Науан Хазрет жергілікті тұрғындардың сауаттарын арттырып, діни-ағарту жұмыстарына көп көңіл бөлген. Ол шәкірттер дайындаумен қатар Көкшетау өңірі бойынша жан-жақтағы моллаларды оқытып, біршама сауаттарын арттырған. Науан Хазреттің көптеген замандас болып, куә болғандардың бірі Өзбек Елемесов. Оның және басқа да зиялылардың айтуынша, Науан Хазрет шәкірттеріне білім бергенде бар күш-жігерін салған. Білімін аямаған. Хазреттің медресесін алғашқы бітірген шәкірттерінің ата-аналарының қуаныштарында, алғыс білдірулерінде шек болмады. Сол ата-аналардың бірі Қарабұлақ ауылынан Сауыт Дәуітов он екі пәнді үздік бітірген. Атығай-Қарауылдың игі жақсылары жиылып той жасаған. Хазрет Сауыт шәкіртіне қарата айтқан сөздері «ой, Сауыт-ай, сен оқудың да сауыты болдың ғой» деген сөздері ел аузында таралған. Сондай тойлардың бірінде Атығай Тоқсанбай деген кісі «ау, жақсылар, шәкірттерге ақша тастайық» деген кезде, Азнабай бай, Тәшен, Тіржан, Дүйсенбі қажылар жүз теңгеден тастап, көп ақша жиналып, Науан Хазретке ұсынады. Ал Хазрет болса, оған берілген біраз жиналып қалған ақшаның бәрін шәкірттерінің арасында тең таратып берген делінеді [7].

Науан Хазрет өмірінің соңғы жылдарында саясаттың құрбанына айналып, үш жылға жуық Сібірге жер аударылып, біраз тауқымет көрсе де, өмірінің соңына дейін өзінің атқарған қызметінің басты мақсатынан бас тартпады, ол – қазақ халқын рухани бірлік пен сауаттылыққа, бостандық пен тәуелсіздікке бастау.

Тәуелсіздік алған күнімізден бастап, өзіміздің тарихымызды, мәдениетімізді, тіліміз бен дінімізді қайта қалпына келтіру мүмкіндігіне ие болдық. Жоғалтып, ұмытылып кеткен құнды дүниелерімізді жаңғырту, қазіргі күн тәртібіне енген күттірмейтін өзекті мәселелерінің біріне айналды. Солардың негізгісі: Қазақстанның тарихы, діні, дәстүрі мен мәдениеті, қоғамдық-саяси жағдайы, қайраткерлердің өмірі мен қызметтері жөнінде ғылыми зерттеулер жасау аса қажетті. Осы уақытқа дейін тарихта Қазақстанның рухани-мәдени дамуына зор үлес қосып өшпес ізін қалдырған талай майталмандарды білгенімізбен, әлі де тани алмаған тұлғалардың бар екені ақиқат. Солардың бірі XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында өмір сүрген Наурызбай Таласов.

Наурызбай Таласовтың есімі ел ішінде және тарихта Науан Хазрет деп танылған. Кеңес уақытында ол туралы көп айтылмады. Алдағы уақытта ұмыт болғанды жаңғыртып, тарихымызда өткен рухы биік тұлғалардың бірі болған Науан Хазретті танып-білу қазіргі жас ұрпақтың абыройлы борышына айналғаны жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Садуақас Ғылмани. Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары / Жауапты шығарушылар: Муминов Ә.Қ., Франк А.Дж. Кіріспе, факсимиле, қазақшаға және ағылшыншаға аударма, түсіндірмелер мен көрсеткіштерді дайындағандар: Муминов Ә.Қ., Франк А.Дж., Нұрманова А.Ш., Моллақанағатұлы С., Өтепбергенова Ұ.А., Жұманов Т.Ж. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014.
2. Салык Зиманов: Полное собрание сочинений. 10 томов. Алматы. Медиа-корпорация ЗАҢ, 2009. 5 том.
3. Әлихан Бөкейхан шығармаларының 7 томдық толық жинағы. Полное собрание сочинений в 7 томах. – Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2009. – б. – 3 том.
4. Р.М. Мустафина. Из истории деятельности культовых учреждений и религиозной жизни в Акмолинской области (в конце XX - начале XXI вв.) // Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, 2012. - № 5. – С.67-70.
5. Хостлер Ч. Тюркизм и Советы. Тюрки мира и их политические цели. / Пер. с англ. Г.М. Мендикуловой / Сост. Б.М. Сужиков – Алматы: Санат, 2006.
6. Жүнісов Сәкен. Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1981. – Т. I. Бірінші кітап. Ақан сері: Роман.
7. Әбутәліпұлы Айдос Қалам қазынасы (Таңдамалы шығармалар) Астана: «Ақарман-медиа», 2012 жыл – 636 бет.